



## Арулар, мол мерекелеріңізбен!

Құттықтау!

### Шуақты мерекелеріңіз құтты болсын!

**Құрметті ханымдар, аяулы аналар!**

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесіне айналған 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Халқымызда «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген даналы сөз бар. Бүгінде еліміздің өркендеуі мен ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында нәзік жандылардың да еңбегі орасан. Мейірім мен ізгіліктің жаршысына айналып, кеңпейілді жүректеріңіз бен қажырлы еңбектеріңіздің арқасында қоғамдағы кез келген саланы жетік меңгеріп, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосар әйел бейнесін қалыптастыра білдіңіздер. Әсіресе, рухани салада қол жеткен табыстарымызға әйел кісілердің ерекше үлесі бар.

**Құрметті ханымдар!**



Әрқашан алға қойған мақсаттарыңыз орындалып, әйел бақытына кенелулеріңізге тілектеспіз. Әрдайым шат-шадыман күй кешіп, бақ-берекелеріңіз арта берсін. Баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт тілейміз.

**Ізгі тілекпен,  
М.ТҰРЫСБЕКОВ,  
аудан әкімі.  
О.ЖӘМИЕВ,  
аудандық мәслихат төрағасы.**



### Президентке Мәжілістің заң шығару қызметі туралы баяндалды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Мемлекет басшысына Мәжілістің қазіргі заң шығару қызметі туралы өзекті ақпарат берілді.

Ерлан Қошановтың айтуынша, жоспарланған өзгерістерді заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекет басшысының жүктеген барлық міндеті тиісті деңгейде және уақтылы орындалып жатыр.

Мәселен, соңғы екі айда ғана Мәжіліс 18 заң қабылдап, Сенаттың қарауына жіберген. Атап айтқанда, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, цифрландыру, ғылым, бизнес жүргізу, медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін сақтандыру, трансферттік баға белгілеу, халықтың көші-қон мәселелері

секілді құқықтық нормаларға түзетулер енгізілген.

Ерлан Қошановтың айтуынша, қазіргі уақытта Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында депутаттар Бюджет, Су, Құрылыс кодекстері, сондай-ақ бірқатар маңызды заң жобалары бойынша бір мезетте жұмыс жүргізіп жатыр. Енгізілген әрбір жаңа өзгерісті сарапшылар мен жұртшылық кең көлемде талқылайды, палатаның барлық іс-шарасына бұқаралық ақпарат құралдары мен мүдделі үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кедергісіз қатыса алады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына «Amanat» партиясының жұмысы туралы мәлімет берілді. Кездесуде азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған Президенттің бастамаларын іске асыру шеңберінде әзір-

ленген партияның «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Қарызсыз қоғам» жобаларына ерекше назар аударылды. Барлық жоба халықтың нақты мәселелерін шешуді көздейді және оларды қоғам қызу қолдап отыр. Мәселен, «Жер аманаты» жобасы аясында екі жыл ішінде 10 миллион гектардан астам жер мемлекетке қайтарылды. Қаңтар-ақпан айларында «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша 15 мың адам қаржылық сауаттылықты арттыру курсынан өтті. Жыл соңына дейін тағы да 750 мың азаматты оқыту жоспарланып отыр.

Сонымен қатар Президентке депутаттардың парламенттік дипломатия бағытындағы қызметі туралы ақпарат берілді.

## Еңбек нарығын дамытуға жүйелі көзқарас

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық ұшжақты комиссияның отырысы өтті. Оған орталық мемлекеттік органдар, кәсіподақтар бірлестіктерінің, жұмыс берушілер одағының өкілдері және облыс әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Жиын барысында елдегі еңбек саласының жай-күйі талқыланды. Атқарылған шаралар жөнінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бірінші орынбасары Ақмәди Сарбасов баяндады. Былтыр инспекторлар 7 мыңға жуық тексеру жұмыстарын жүргізіп, анықталған олқылықтарды жою бойынша 4 мыңнан аса нұсқама берді. 400 млн теңгеден астам сомаға

2 400 айыппұл салынды.

Бүгінде 31 кәсіпорынның 1,6 мың жұмысшы алдында берешегі бар. Жалпы сомасы 700 млн теңгеге жуықтайды. Олардың ең көбі Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары мен Алматы қаласында анықталған. Одан бөлек банкрот деп танылған 44 нысанның 913 млн теңге қарызы бар.

1 ақпандағы жағдай бойынша елдегі кәсіпорындарда 106 адам жарақат алды. Тамара Дүйсенова мүдделі мемлекеттік органдар мен облыс әкімдеріне жұмыс орындарындағы жағдайға бақылауды күшейтіп, жарақат алу оқиғаларының алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар вице-премьер еңбек даулары мен жұмыс берушілердің отандық және шетелдік жұмысшылар үшін тең жағдай жасауын, еңбекақы

төлеуге байланысты талаптарды сақтауын бақылау қажеттігіне де мән берді. Жылдың басында министрліктің ахуал орталығында 106 кәсіпорын мониторингте болған. Оның біразында еңбек даулары шешімін тауып, бақылауда 62-сі қалды. Оның ішінде әрбір үшіншісі – Маңғыстау облысында.

Осы орайда аймақ басшысының орынбасары Қанат Құлжанов осы бағытта атқарылып жатқан шаруалар туралы баяндады.

Ал республикалық кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин мұндай жағдайлар көбіне кәсіподағы жоқ мекемелерде болатынын алға тартты.

«Еңбек дауларын шешуде салдарымен емес, себебімен күрескен жөн. Бұл ретте жұмыс берушілер мен кәсіподақ бірлестіктері іске атсалысуы

керек. Кез келген мәселеде ортақ шешімге келуге болады. Ол үшін ниет болуы керек. Сондықтан салалық ұйымдарды елдегі еңбек мәселелеріне бейжай қарамай, шешуге араласуға шақырамын», – деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Алдағы 3 жылға арналған жаңа құжаттың жобасын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан құрылған жұмыс тобы әзірледі. 10 тармақтан тұратын келісім 2030 жылға дейінгі «Еңбек қауіпсіздігі» және «Еңбек нарығын дамыту» жөніндегі тұжырымдамаларда көрсетілген талаптарды ескерген. Вице-премьер бұл құжаттың негізгі міндеті азаматтарды сапалы жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге жағдай жасау екеніне ерекше мән берді.

«Созақ үні» - ақпарат.



Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісінің бірінші шақырылымының депутаты, тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» заңының авторы, 1997 жылдың «Жыл адамы», мемлекет және қоғам қайраткері Әкім Әбдіқайымұлының «Көңіл қымбат» атты шығармашылық кеші өтті.

Кеш шымылдығы кейіпкердің шығармалары мен жеткен жетістіктеріне арналған бейнебаянмен түрілді. Ша-



уреаты, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, сатирик Мұхтар Шерімұлы ұйымдастырылған шараның маңыздылығына айрықша тоқталып өтті. Сатиралық образдарды сомдап, шараға жиналған жұртшылықты қызықты әсерге бөледі.

Шара соңында Әкім Әбдіқайымұлы Созақ жеріне деген сағынышын жеткізіп, әдебиет әлемінде халықтың қадір – қасиеті арқылы кестеленген шығармалары жайында әңгіме өрбітті.

«Мыңжылқы» мәдениет үйі қызметкерлерін арнайы

## «КӨҢІЛ ҚЫМБАТ» АТТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ ӨТТІ

раға арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ұшқыр қаламымен талай дүниелерді қамтып, қоғамның сан саласында өшпес із қалдырып, қазақ елінің әдебиетіне, мәдениетіне үлкен үлес қосып жүрген Әкім Әбдіқайымұлына ақ тілегін жеткізді. Құттықтау хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Сонымен қатар, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ақын Мыңжасар Асқаров кештің басты кейіпкеріне ыстық ықыласын білдіріп, өлең жолдарын арнады. Халықаралық Алаш сыйлығының иегері, Көпен Әмірбек атындағы «Ара» сыйлығының ла-

алғыс хатпен марапаттап, алдағы күндеріне шығармашылық табыстар тіледі.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары кейіпкердің сөзіне жазылған әндерді орындап, «Созақ» халық театры «Шағадағы шырайлы күн» атты қойылымды көпшілік назарына ұсынды.

## Жеке сурет көрмесі ұйымдастырылды

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде ҚР Суретшілер одағының мүшесі, суретші Ақмарал Бейімбетқызының «Келіншеқтау-кербезім» атты шығармашылық кеші мен жеке сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Тағылымды шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысты. Туған өлке табиғаты мен әсемдік пен үйлесімге толы көрмені тамашалап, қылқалам шеберіне шалқар шабыт тіледі.

- Әрбір өнер саласының өз тілі, өз бейнелеу тәсілдері бар. Соның ішінде сурет өнері – бейнелі руханияттың қазынасы екені сөзсіз. Бұл өнерде өзіндік қолтаңбасы бар қылқалам шебері Ақмарал Байғараеваның еңбегі әрқашанда жоғары бағаға ие. Алдағы уақытта осындай тарихи мән-мағынасы бар көрмені облыстық деңгейде ұйымдастыруды қолға алатын боламыз, деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Ұйымдастырылған тарихи мән-мағынасы бар көрмеге жиналған қонақтар мен ел

ағалары және аудан тұрғындары көрмемен екуей-текжейлі танысып, ерекше әсерге бөленді.

Айта кетейік, ұйымдасты-

сайын даласына дейін күмбірлете күй төккен күйшілерге, қазақ елінің әдебиеті мен мәдениетіне өзіндік үлес қоса білген ақын-жазу-



рылған шарада алуан мәдениет пен руханияттың нәрлі ошағына айналған Созақ өлкесіндегі тарихи орындар мен Созақ сахарасының

шыларға арналған және өлке табиғаты мен әсемдікті бейнелеген туындылар көпшілік назарына ұсынылды.

## СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Аудан көлемінде санитарлық тазалықты сақтау мақсатында сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, аудан

әкімдігіне қарасты бөлімдер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері аса белсенділікпен атсалысты.

Сенбілікте саябақтар, ішкі көшелер, «Шымкент-Созақ» бағытына шығатын үлкен жолдар мен айналма жолдың бойы, ауыл сыртындағы сай-сала мен су өткізгіш құбырлар орынсыз тасталған тұрмыстық қалдықтардан тазартылып, әлеуметтік нысандардың ауласындағы қоқыс қалдықтары шығарылды.

Ұйымдастырылған сенбілікке 16 арнайы техника жұмылдырылды. 2300-ге тарта азаматтар қатысып, 75 тонна күл-қоқыс шығарылды.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АНАЛАР ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков «Бақ нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелерімен 1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай, ақ жаулықты, алтын құрсақты әжелердің шаңырағына барып, құрмет көрсетті. Өмірге көп бала әкеліп, отбасылық құндылықтарды сақтауда көпшілікке үлгі болып отырған аналарға орамал жауып,



сыйлықтар табыстады.

Аудан басшысы Шолаққорған ауылындағы 6 баланы дүниеге әкеліп, 24 немере, 2 шөбере сүйіп отырған 76 жастағы Зере Қамбарбекқызының, 7 бала дүниеге әкеліп, 16 немере, 8 шөбере сүйіп отырған 86 жастағы Гүлхадиса Жүнісова мен 8 баланы дүниеге әкеліп, 39 немере, 16 шөбере сүйіп отырған 77 жастағы Кенжекүл Оралбайқызының және 10 бала дүниеге әкеліп, 44 немере, 72 шөбере сүйіп отырған 86 жастағы Сара Байбабаева есімді батыр аналардың шаңырағында болды. Ақ жаулықты аналар аудан басшысына, ақ баталарын берді.

## 300-ГЕ ЖУЫҚ АНАҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай «Бақ нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелері аудандағы 300-ге жуық алтын құрсақты батыр аналарға құрмет көрсетіп, естелік сыйлықтар табыстады.

Аудандық «Бақ нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова өз сөзінде – Бұл күні аудандағы батыр аналарға сый-

рымызды ардақтау біз үшін үлкен қуаныш. Бұл үрдіс алдағы уақытта да еселене түседі, - деді.

Айта кетейік, биыл «Бақ нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 10 жыл толып отыр. Бірлестік әр саланың майталман мамандарынан және кәсіпкер әйелдер мен іскер қыз-келіншектерден құралған. Ұйымға мүшелік етер қыз-келіншектердің



құрмет көрсету «Бақ нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшелері үшін дәтүрге айналып отыр. Әр жылы 200-ге тарта аналар құрметтелсе, биыл барлық ауылдық округтер бойынша 300-ге жуық аналарға орамал жауып, естелік сыйлықтар табыс етілді. Ақ жаулықты анала-

қатары күн санап артып, қоғамдық іс-шараларға мейірімді жүректерімен атсалысуда. Кеңпейілді жүректері мен қажырлы еңбектерінің арқасында қоғамдағы кез келген саланы жетік меңгеріп, ауданымыздың қарқынды дамуына сүбелі үлес қосар әйел бейнесін қалыптастыруда.



Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар қысыққа қарсы қасақана әрекеті. Көбінесе әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табылады.

Отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі – моральдық тұрғыдағы мінеуден қорқып, қысық қорғау органдарына шағымданудан бас тартып жатады. Осыған сәйкес, бүгінгі таңда еліміз бойынша әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің қысықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында тиісті профилактикалық жұмыстар жасалу-



ағалары мен аналары және аудан жастары қатысты.

Форум отбасы құндылығын насихаттап, отбасында орын алған келеңсіз жайттардың бала тәрбиесіне ықпал етер теріс әсерін бейнелейтін қойылыммен басталды.

Форумда алғаш болып сөз алған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бүгінгі қоғамда белең алған отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу маңызды міндет екенін атап өтті.

– Бүгінгі көтеріліп отырған тақырыптың өзектілігі баршаңызға белгілі. Бүгінде барша әлем елдерінде белең алған тұрмыстық заңбұзушылық біздің елімізде де өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында қоғамдағы зорлық-зом-

рып, отбасындағы қысық бұзушылықтың салдарын жоюға едәуір ықпал етері сөзсіз. Қоғамдағы бұл індеттің алдын алу үшін алдымен әрбір азамат Отбасы – оның өсіп-өнер алтын ұясы екенін жетік сезінуі шарт. Сол себепті халқымыз «Отан – отбасынан басталады» деген ұғымның тамырын тереңдетіп, өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықты сіңіріп өсуіне ерекше мән берген. Бүгінгі қоғамда белең алған тұрмыстық заңбұзушылықпен жұмыла күресіп, жарқын болашақты бірге қалыптастырамыз деген сенімдемін. Алдағы күндеріміздің бәрі жарық, жақсылық болғай, – деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы шараға арнайы келген белгілі Қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызын сахна төріне шығарып, сый-құрмет көрсетті.

## Менің отбасым-менің байлығым

да. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әлемнің барлық аймағында таралған және кез келген қоғамда кездесетін жағдай. Нәзікандыларға қатысты зорлық-зомбылық жасау мәселесі тек нәсілдігін, әлеуметтік ортасын, шығу тегін ғана қозғап қоймай, сонымен қатар, басқа жағдайлардан туындайды. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселесін дамыған мемлекеттердің өзі жеңе алмай келеді. Бұл қысықты тоқтату жолдарын қоғам шешуге тырысады. Аталған өзекті жайт туралы тек акция қарсаңында ғана емес, күнделікті айтылу керек.

қоғамның бүгінгі таңдағы өзекті мәселесіне айналып отырған тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау, оның алдын алу мақсатында өткен аптада аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде «Менің отбасым – менің байлығым» тақырыбында форум өтті. Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған форумға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, аудан прокуроры Ержан Қожабеков, қысық қорғау органдарының басшылары, жергілікті атқарушы орган, полиция, прокуратура өкілдері, ата-аналар, отбасы құндылығын дәріптеп жүрген ел

былық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керектігін атап өтті. Бұл тұрғыда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарын жойып, оның алдын алуға бағытталған түрлі шаралар іске асырылуда. Өткен жылдың соңында қысық қорғау органдары мен атқарушы органдар арасында арнайы меморандум жасалып, ана мен баланы қорғау және бұл бойынша білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау және қысық қорғау органдары сынды әр сала бойынша атқарылу керек шаралар толық қамтылды. Осындай игі шаралар әрбір шаңырақтағы қамқорлықты артты-



Сонымен қатар, аудан прокуроры Ержан Қожабеков зорлық-зомбылықтың салдарын жойып, жазалаудан бұрын оның алдын алуға бағытталған шараларға баса мән беру керек екенін жеткізді. Созақ аудандық полиция бөлімінің бастығы Жасұлан Нысанбаев тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды баяндап, отбасындағы заңбұзушылық мәселесі бойынша әзірленген бейнероликті көпшіліктің назарына ұсынды.

Созақ аудандық полиция бөліміне өткен жылы тұрмыстық қарым-қатынастар бойынша жалпы 132 хабарлама түскен. Қысық бұзушылыққа ықпал еткен мәселелерді анықтау және оларды жою мақсатында, әрбір шақыртуға Созақ аудандық полиция бөлімімен жан-жақты талдау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Мемлекет Басшысының тапсырмасымен тұрмыстық жанжал шығарушыларға қатысты жаза қатаңдатылған. Қазіргі уақытта полиция жәбірленушінің арызсыз да қысық бұзушылықтың жасалу фактісі бойынша іс қозғайды.

Тағылымы мол шарада Қоғам қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Оразкүл Асанғазы отбасы құндылығы туралы сананы серпілтетін ой қозғап, ата-ана мен бала қысығына қатысты бірқатар мәселерге кеңінен тоқталды.

Шараға жиналған қонақтар мәдениет үйінің фойесінде қазақтың қара домбырасынан төгілген күй өнері мен көрмені тамашалады. Танымал әнші Еркін Нұржанов және аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары әсерлі әндер орындап, жұртшылықты ерекше әсерге беледі.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.**

Егер сіз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырасаңыз, бұл туралы үндемей қоймаңыз. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында оның құрбандары немесе куәгерлері ішкі істер органдарына арызбен жүгінуі қажет. Жәбірленушілерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау үшін «102» жүйесіне, «111» отбасылар мен әйелдер және балалар мәселесі бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік бірыңғай сенім телефон-қызметінің немесе зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторына номеріне қоңырау шалып немесе тұрмыстық зорлық-зомбылық жасалғаны туралы арызбен полицияның учаскелік инспекторына шұғыл түрде қоңырау шалуыңызға болады.

Жоғарыда айтқанымыздай





Жалпы, Қазақстан халқы үшін мерекелі де берекелі бір ай бар ол көктемнің алғашқы айы- Наурыз. Алғашқы күні «Алғыс айту» дәстүрімен басталатын бұл айда халқымыз «Халықаралық әйелдер күні»; «Ә-Наурыз» мейрамдарын 3- 4 күннен тойлап, сәуір айының қалай келіп қалғанын білмей қап жатады. Ендігі жерде, бұған жылына бір рет, араға он күн салып жылжып кеп қалатын қасиетті «Рамазан оразасы» айын қосыңыз. Биылғы жылы наурыз айының екінші аптасына сәйкес кеп отырған Рамазан оразасы айы онсыз да мерекелі де берекелі ай наурыздың берекесін және мерекесін онан әрі арттырып жіберетіні

апамыздың естелігінен естіп білуімше, Бейсен қария менен Гүлбахар ана Созақ ауданының оталығы Шолаққорған ауылының қалыптасуына, эконимикасы менен әлеуетінің артуы үшін ебек еткен қарапайым еңбек адамдары. Бейсен атамызды ауыл қарияларының айтуынан білуімше, өте еңбекқор адам болған көрінеді. Тың игеруде, яғни, жер жыртқып егін егуде және қысқы мал



ас- жиындарда сөз бастап жүрген кейуана. Сөз арасында мына нәрсені айта кеткім келеді: Күні кеше ғана ауданымызға «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, кезінде аудан, облыстарда басшылық қызметтерде, Парламентте депутат болған, қазіргі қоғам қайраткері, қазақтың аяулы қыздарының бірі бірегейі Оразкүл Асанғазының келгенінен хабардарсыздар. «Мыңжылқы» мәдениет үйінде «Менің отбасым— менің байлығым» атты отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған аудандық форумға қатысқан болсаңыздар, Оразкүл апамыздың қаншалықты қайраткер екендігіне, тектен- текке «Құрмет» және «Парасат»

# Ауылымыздың Айжахан (Айсұлу) анасы

ах. Дегенмен, менің бүгінгі мақалама арқау болып отырған тақырып не Рамазан айы не ораза емес. Газетіміздің жылдағы әдетіменен «Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай, ауданымызға және ауылымызға танымал бір әйел- ана образын таңдап алып, өмірі менен еңбек жолын келер ұрпаққа насихат ету еді. Жалпы, бұл «Халықаралық әйелдер күні» мерекесін біздің Қазақстан елі сонау кеңестік кезеңнен атап өтіп келеді. Әйтпесе, өзін мұсылман үмметі, түрк миллеті деп білетін қазақ халқы анасын ардақтап, әйелін аялап, әпке- қарындасы мен қыздарын төрге шығаруды батысқа үйретпесе, үйренбесі хақ екенін сіз бенен біз жақсы білеміз. Себебі бауырлас түрік халқы айтатындай күшімізді қатындарымыздан (ең жақсы мағынада: аналарымыз, әйелдеріміз, әпке-қарындастарымыз бенен қыздарымыздан) алатын елміз. Халық даналығында келген «Әрбір табысты еркектің артында ақылды әйел тұрады»; «Әйел-Ана бір қолыменен бесікті, екінші қолыменен де әлемді тербетеді» деген мазмұндағы қанатты сөздер осыны меңзеп тұрғандай. Бір сөзбен айтқанда, біздің өмірімізді мәнді де сәнді етіп, қуаныш та да қайғыда да жанымыздан табылатын жандар осы әйел-аналарымыз. Оларды қалай жырлап, олар жайлы қанша жазсақ та аз.

Міне, бүгінгі мақаламның басты кейіпкері ата-анасы атын азан шақырып «Айсұлу» деп қойса да ауыл халқы «Айжахан» атап кеткен ақжаулықты, ақ самайлы, иманжүзді, тұтастай Теріскей жұртына аналық жасап жүрген жан. Мен Айжахан апамды алғаш мектеп табалдырығын аттап, екінші қызы Жанармен сыныптас болғаннан бері таниды екенмін. Себебі, сынбымызда ата-аналар жиналысы бола қалса Жанардың анасы Айжахан апамыз қалмай келетін. Ол кісінің бұл әдеті біз мектептің 11 сыныбын бітіріп шыққанға дейінгі 11 жыл бойы жалғасып келді. Егер сыныбымызда оқушыға, ата-ана менен ұстаздарға қатысты қандай да бір жағдай орын алса, Айжахан апамыз ақылын айтып, ара-ағайындық қып отыратын. Әрине, көпшілігіміздің ата-аналарымызбен құрдас, қайсыбірлеріміздің әке-шешемізден жасы үлкен болғандықтан ба, әлде, елдің алдына шығып сөз бастап танылып қалғандығынан ба екен, Айжахан апамызды оқушыларды былай қойып, ата-аналар да, ұстаздарымыз да тыңдайтын, сөзіне құлақ асатын, ақылын алатын. Сіздерге ұсынып отырған осы мақаланы жазуға ниеттенгеннен соң, артынша-ақ Айжахан апам хабарласып, есті, естеліктерге толы әңгімелерін тыңдап қайтқаным бар еді: Сонымен, отбасының ғана емес, аулымыздың анасы атанып кеткен Айсұлу (Айжахан) Әметова 1949 жылдың желтоқсан айында Шолаққорған ауыл әкімдігіне қарасты Қарасуан елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Бейсен қария менен анасы Гүлбахар ана төрт қыз, екі ұлды дүниеге әкеліп, татымды тәрбие беріп, үйлі-жайлы еткен жандар. Ол кезеңдерде бала болсам да Айжахан апамыздың әке-шешесін мен емес-еміс танитымын. Ауыл қарияларының, Айжахан

азығын дайындау жұмыстарында алдына жан салмаған жан көрінеді. Әсіресе, «арпа-бидай орып, шөп шабу-да Бейсекеңнің жылдамдығы көз ілестірмейтін» деп мақтанышпен еске алып отырғандарын естіп-көргенмін. Дегенмен, сол бір аяулы аналарымыз, әжелеріміздің колхоздастыру, тың игеру, мал шауашылығына қосқан үлесін былай қойып, ашаршылық, соғыс, репрессия сынды кеңестік тоталитарлық жүйенің жөнсіздіктерінің бәрін басынан өткергендерін айтудың өзі артық шығар. Ал енді, аталарымыздың сол коллективтендіру, ол колхоздарды да біріктіріп алып кеңшарларға айналдыруда еткен ерен еңбектері менен сұрапыл соғыс жылдарындағы жанкешті ерліктерінің арқасында біз бүгін бармыз. Біреуден ілгері, біреуден кейін күн кешудеміз. Сол үшін де біз, бүгінгі ұрпақ, аға және жас буын өкілдері сол ата буын ұрпақтың алдында қарыздармыз. Ендеше, мына, көктемнің алғашқы айы наурыздың бірінші күніне бекітілген «Алғыс айту» дәстүріне орай сол ата буын ұрпақ: аталарымыз бен әжелеріміздің аруағына алғыстар болсын! Алла тағалам арғы дүниелерін абад қылсын! Жалпы, бүгінгі ұрпақтың жарқын болашақта өмір сүрулері үшін жанкештілікке барған жанымызға жақын жандардың рухтары жәннаттың төрінде шалқысын.

Жарайды, әдеттегідей есті әңгімем

қызмет етті. Бүгінгі таңда екеуі де ұзақ жылғы бейнеттерінің зейнетін көріп отыр. Айжахан апамыз аэропорт жабылған соң дүниеге әкелген 4 ұл, 4 қыздың тәрбиесіне өмірін арнап, біршама уақыт отбасы-ошақ қасында қалады. Дегенмен, совхоздан зейнеткерлікке шыққан соң өмірінің соңына дейін аудан орталығындағы (қазіргі орталық мешіттің орнында болған) шағын базарда сауда жасап күнелткен әкесі Бейсен қарияның жолын қуып, ұлдарын ұясына, қыздарын қиясына қондырғаннан соң, 30 жылдай уақыт орталықта кішігірім дүкен ашып, күн көрісіне қосымша кәсіпкерлік етіп келеді. Айтуынша, осы әкемнен мирас болып қалған кәсібім себепті, отымның ағасы екеуміздің айлық-жалақымыз бенен зейнетақымызға қосымша табыстың арқасында ағайынға, ауылдасқа, дос-жаранға, көрші-қолаңға қол жаймадық. Керісінше, сегіз бірдей ұл-қызымызды бағып-қағудан артқан дүнием болса, өзгелермен бөлістім дейді. Қазіргі таңда Айжахан апамыз төрт ұл, төрт қыздан: 35-36 немере, 12-13 шөбере сүйіп отырған ардақты ана, ақжаулықты әже боп, әдемі қартайып отырған жан. Апамыздың өз сөзімен айтсам: Ұлдары алғанымен, қыздары барғанымен бақытты отбасын құрып, өніп-өсіп отыр. Барлығы дерлік өздерінің жақсы көрген кәсіптерін дөңгелетіп, мамандықтары бойынша

ордендерін иеленбегеніне өздеріңіз көз жеткізген шығарсыздар. Міне, сол Оразкүл Асанғазы секілді еліміздің ең жоғарғы марапаттарын иеленіп, ең жоғарғы мансаптарында қызмет етпесе де ауылда, ауданда жүріп-ақ, талай жас отбасыларды ажырасудан, зорлық-зомбылықтан, ағайындардың арасын ашылудан сақтап, жастарымызды жамандықтан қайтарып, жақсылыққа шақырып жүрген аналарымыздың қарасы жетерлік. Солардың да бірі әрі бірегейі осы Айжахан апамыз. Жасы үлкен болса да өзінің ұл-қызымен және немерелерімен жасты азамат-азаматшалардың өзі танитындарының қай-қайсысымен де өте қарапайым қалыппен, аса сабырлы байыппен мәміле құра алатын Айжахан апамыздың өзінен үлкендерге қаншалықты құрметпен қарайтынын айтпаса да болатын шығар. Теріскей ауылының екі-үш көшесінің тұрғындары түгел отыратын «Ынтымақты көршілер» деген ватсап чаты бар. Сол жерде де ауылдастарының, көрші-қолаңының қуанышы мен қайғысын бөлісіп, үнемі қариялық ақылын, кеңесін айтып, еркегін де әйелін де сөзге тоқтатып, батасын беріп жүретін де Айжахан апамыз. Жалпы, қазақта «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген мағында керемет сөз бар ғой. Міне, сол сөз де осы Айжахан апамыз секілді жандарға қаратып айтылған. Менің неліктен олай дегенімді Айжахан апамның мына бір сөздерінен аңғару қиын емес. Апам айтады: «Әрине, ұлдың да қыздың орыны бөлек. Біз екеуін бір-бірінен айырмадық. Қай-қайсысын болмасын, отбасының қадірін білуге, шала тағдыр болмауға шақырып отырдық. Отбасы болғаннан соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайтынын, алайда, қандай жағдайда сабырға келіп, некелерін сақтап қалуға, ері мен әйелі жесір, балалары да жетім қалмауын күнделікті құлақтарына құйып отырдық. Әсіресе, келіндеріме енелік емес, аналық қылуға тырыстым. Олар да менің қыздарым секілді, бір-бір үйдің мәпелеп өсірген құлыны дегенді әсте есімнен шығармадым. Жалпы, жастардың бақытты отбасы болуып кетуіне де шаңырақтарының шайқалмауына да бірінші кезекте ата-ана жауапты. Сол үшін де ата-ана бірінші кезекте өздері өнеге болулары тиіс. Олай дейтінім, жалпы жастарға сағаттап насихат айта бергеннен гөрі, өмірді өзіміз дұрыс сүріп көрсеткеніміз жөн секілді. Аллаға шүкір, ата-ана ретінде де, туыс, тіпті, көрші-қолаң ретінде де айналама мейлінше жақсылық жасауға өзімді қамшылап отырдым. Мейлі үлкен, мейлі кіші болсын айналамадағылардың бәрін жақсы көрдім, жақсы көрілдім. Сол себепті де мен бүгін бақыттымын. Кейінгі жастарға да біздің өмір және еңбек жолымызды, отбасы, ауыл арасындағы абыройымызды берсін! «Алғысайту» күні құтты болсын! Айналадағылардың барлығына, өмірімде бар болғандары, өмірімді мәнді де сәнді еткендері үшін алғысымды айтамын. Әрқашан аман болайық!»



естеліктер әлеміне бойлап, тақырыптан тағы ауытқып кеттім ба, деймін. Сонымен, бүгінгі кейіпкерім, Айжахан апамыз мектепті бітірген соң ауылдың азаматы Бердібай Расулбеков есімді жігітпен көңіл қосып, отбасын құрады. Әрине, отбасын құрудың артында оны асырап-бағу, дүниеге әкелген перзенттеріне тәуір тәрбие беру секілді міндеттер болады. Сол себепті де Раусулбековтер отбасының әкесі мен анасы, Бердібай қария мен Айжахан апа сол тұстағы аэропортқа жұмысқа тұрып, отбасына, қоғамға қызмет етеді. Бердібай ақсақал аэропортта диспетчер, басшы боп, ал, Айжахан апамыз аэропорттың байланыс қызметкері боп жұмыс жасады. Қашан, аэропорт жабылып қалғанға дейін екеуі де сонда

жұмыс жасап жатқандықтарын да аналық мейіріммен мақтана сөз етіп отырды. Бәлкім ана бақыты осы болар. Алайда, мынау мерейлі мерекесі қарсаңында қолыма қалам алдырған Айжахан апамыздың от анасы болғаны ғана емес еді. Жоғарыда да айтқанымдай, Айжахан Бейсенқызы арысы түбі бір түркі жұртының патшайымы Тұмар ханымның, Домалақ ана мен Бопай ханымдардың, берісі Әлия менен Мәншүктер секілді топ ішінде сөз бастаған, жау келгенде қол бастаған, жай уақыттарда ел, көш бастаған қазақтың ардақты аналары менен аяулы қыздарының ізі спаттес жан. Әрине, Тұмар патшайым менен Әлия және Мәншүк аналарымыз секілді қол бастамаса да, Созақ ауданында, Шолаққорғанда той,





## АЙГҮЛДІҢ ӘСЕМ ӘНДЕРІ ШЫРҚАЛДЫ

Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Мыңжылқы» мәдениет сарайы МКҚК Бабата ауылдық клубында мереке қарсаңында жерлесіміз әнші, сазгер Айгүл Бажанованың әндерінен «Жүрегіміздің ішіндегі жүрегіміз» атты ән кеші ұйымдастырылды.

Шараға аяулы әнші қызын ардақтай білген, сазгердің әндерін құрметтей келген ауыл тұрғындары мен жастар жиналды.

Бабата ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әбдірашұлы айтулы шараны ашып, сазгер туралы жылы лебізін білдірсе, аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайы директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары Айдос Бағдатұлы құттықтау сөз сөйлеп, ауданымыздың мәдени қоғамдық өміріне белсене араласып жүрген ауылдық клубтың мәдениет қызметкерлері мен Бабата ауылдағы мәдени шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүрген ауыл жастарына Алғыс хат табыс етті.

Рухани шара шымылдығы жас өнерпаз Ұлбосын Егізтайдың орындауында сазгердің ерекше шығармаларының бірі «Қарлығашым» әнімен бастау алды.

Табиғаттың сан түрлі құбылысына қалам тербеп, ішкі

жан дүниені нотаға салып тербету терең толғанысты, тебіреністі қажет ететін, содан ләззат алар шығармашылық шыңы. Мұндай бағындырған биіктері баршылық өнер иесінің әндері шырқалатын кешке аудан өнерпаздары да атсалысып, тағылымды шарада сазгердің лирикалық, сағынышқа толы түрлі жанрды қамтитын танымал әндерін жанды дауыста орындады.

Бабата ауылын әнге бөлеп, кештің сәнін кіргізіп, көрерменді тәнті еткен өнерпаздарға жұртшылық қошеметін аямады.

Мәдени шара ауыл тұрғындарына ән мен саздан ерекше күй сыйлап, шабытқа, шаттыққа бөлегендей.

Ерекше ырғақты әндерімен тыңдарманның жүрек түкпіріне терең бойлап, сан түрлі сезім толқынысына бөлеп жүрген сазгерге шығармашылық табыс тілейміз!

Айта кетейік, Айгүл Бажанова бүгінде Созақтың ғана емес, қазақтың маңдайына біткен ерекше дарын иесі. Сазгердің әндерін қазіргі таңда қазақтың мақтанышы, ҚР Халық әртісі, әнші Д.Құдайбергенов, сонымен қатар елімізге белгілі өнер жұлдыздары тамылжыта орындап жүр.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.**



### Үлгілі бала:

Білімді жақсы көремін,  
Аламын одан керемін.  
Білім жеміс ағашы,  
Жемісін оның теремін.

### Жалқау бала:

Оқымаймын сабақты,  
Жақсы көрем тамақты.  
Ұйқыдан басқа досым жоқ,  
Дос етпеймін талапты.

### Теңіз жыры

Толқын, толқын жалдары,  
Кемелермен алысқан.  
Білім теңіз сияқты,  
Толқындармен жарысқан.

Теңіз үнін естимін,  
Шағаласы шулаған.  
Теңіз неткен ғажайып.  
Толқындары тулаған.

Теңіз жырын сен де сүй,  
Толқындардан қалмағын.  
Саяхаттап әлемді,  
Теңізші болу арманым.

### Көктем сәні гүлдер

Нұрын төгіп баршаға,  
Көктем келді алақай.  
Көбелек қуып әнекей,  
Гүлдер терді балақай.

Көктем сәні гүлдер ғой,  
Таңмен бірге оянған,  
Көктем сәні гүлдер ғой,  
Көкшіл түске боянған.  
**Айерке АЙБОЛАТ,  
Қарағұр ауылы.**

# Менің әкем әлемдегі ең жақсы адам

«Әке-асқар тау, ана баурайындағы бұлақ, ұл-қыз, ұрпақ-жағасындағы құрақ» деп тегін айтылмаған екен. Әкеміз асқар тау болып біздерге туғанымыздан пана болып келе жатыр. Анамыз көл-көсір мейірімнің бұлағы, ана сүтінің, рухани тәрбиенің, бауырына қысып шығарып салып, қарсы алып бауырына қысатын кең жүрек мейірім иесі еді. Сол ананың бауырынан- бір әке, бір анадан үш қыз, екі ұл өрбідік. Әкем Омаров Нұрболат 1962 жылы дүниеге келген. Әскер қатарынан оралған соң бар ғұмыры совхоздың мал шаруашылығы дамыту жолында өтті. Оның 19 жылын механизатор ретінде «МТЗ-80» трактор көлігінің рөлінде өткізді. Қыстың аязды, боранды күндерінде мұз құрсаған қара темірді жалаңаш қолмен ұстап, бет қаратпас қарлы боранда далада қалған кездері де болды. Әкеміз марқұм анамызбен 1982 жылы отбасын құрады. Анамыз Ералиева Сәуле Анарбайқызы көп балалы отбасында дүниеге келген. Мектеп бітіріп, әкемізбен отбасын құрған жылдары өмірге бірінен кейін бірі бес саби келеді. Сөйтіп жүргенде осыдан он жыл бұрын анамыз науқастанып қайтыс болады. Шиедтей бала-шаға артында аңырап қалдық. Сонда бізге ең бірінші пана, қамқоршы, тілекші, жана-шыр бола білген әкеміз еді. Бақты, қақты, өсірді, анамыздың орнын жоқтатпауға тырысты. Қаншама қиын күндер мен түндерді бастан кешірді. Оның үстіне жұмыссыз қалған кездері де болды. Әкеміз бірнеше ағайынды болды. Осы кезде бізге көмектесер деген ниетте жүрген туған ағасы Жанболат көкеміздің үйіндегі апамызда қайтыс болған. Бұл жағдай екі үйге де ауыр болды. Екі бауыр екеуі де



жарларынан айырылған. Жанболат көкем ауған соғысының ардагері. Екі отбасы бір-бірімізге сүйеу болып жүрдік. Бізді әкеміз анамыздың аманаты деп қабылдап дауыс көтермей, ақырын әзілмен, күліп жүріп тәрбиеледі. Негізгі әкеміздің мінезі жоқ. Күліп қойып ақырын әзілдеп отырады. Онысы біздің көңілімізді көтеру екенін жақсы түсінеміз. Анамыздың кезінде алдымыз оқу бітіріп алғанбыз, оқу оқып жүргенбіз. Әкеміздің қолының ебсегі бар. Аяқ киім тігеді. Есік-терезе сияқты ұсталыққа құмар. Бірақ құрал-сайманы жоқ. Заманауи жабдықтар болса көп дүниені қолдан жасай береді. Алдағы уақытта соны әперсек деп отырмыз. Соған алданып жұмыс істеп жүрер еді. Ол кісі қарап отыра алмайды. Атамыз Тасболат деген кісі де ауылда сегіз қырлы, бір сырлы, қолы епсекті, ұста, шебер кісі болған.

Мен Шымкент қаласындағы әлеуметтік педагогика-

лық университеттің бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі факультетін бітірдім. Сіңлім Назгүл осы университеттің педагог-психолог мамандығын даярлайтын факультетін бітірген. Бауырымыз Нұржігіт іргелі өндіріс ошағы саналатын «Катко» біріккен кәсіпорнында жұмыс істейді. Нұрбақыт інім Тайқоңыр өңіріндегі өндірісте вахталық әдіспен жұмыс атқарады. Ең көкеміз Назым болса, жоғары оқу орны- Алматы технология университетінің студенті. Әкеміздің бүгінгі таңда Керемет, Өркениет, Асылжан, Умида атты немерелері маңайында шүпірлеп, әкемізге қуаныш сыйлап жүреді.

Бар ауыртпалық пен қиындықты өткерген әкеміз қазіргі сәтте бақытты отбасы иесі. Тек ол кісінің жанында жұбаныш болар жан жары, сүйіктісі, серігі біздің анамыздың жоқтығы ғана жанға батады.

**Карима ОМАРОВА.**

## Қуанышты бөліссең, көбейеді

«ГПК Қазфосфат» ЖШС-і талай жылдан бері жергілікті ауыл тұрғындарының қарсылығына қарамастан Құмкент, Бабаата елді мекені аумағында көн қазу жұмысын жүргізіп келген болатын. Осы жылдың 13 қаңтарында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне енгізілген өзгерістерге (2023жылғы 2 қазандағы № 31-VII ҚРЗ) байланысты мүмкіндік беріліп, Құмкент елді мекенінің біраз тұрғындары өндіріс алаңына барып, ондағы жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысқан еді. Құмкент елді мекеніне 10 шақырым, Бабаата елді мекеніне 14 шақырым, Жылы бұлаққа («Баба түкті шашты әзіз» кесенесі) 4 шақырым, Үшбас өзеніне 3 шақырымдай жерге дейін қазылып қойған өндіріс алаңын көрген олар қазба жұмысын одан әрі жүргізбей, тез арада тоқтату жөнінде өндіріс басшыларына талап қойған болатын. (Ауыл тұрғындарының бұл талап-тілектері 2024 жылы 18 ақпанда «ГПК Қазфосфат» ЖШС-і ауыл тұрғындарымен өткізген кезекті қоғамдық тыңдауда да көтеріліп, жиынның хаттамасына енгізілген еді). Сол кездері істің басы-қасында болып, жиындарға

қатысқан аудандық «Ел мүддесі» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Байділда Айдарбек ауыл тұрғындарының өтініш, талап-тілектеріне байланысты өндіріс басшылығына бірнеше сауал хаттар жолдап, өз кезегінде олардан нақты жауаптар да алған болатын. Жақында Байділда Айдарбектің кезекті жолдаған өтініш хатына байланысты «ГПК Қазфосфат» ЖШС-іден: Бүгінгі таңда Созақ ауданы аумағында орналасқан Көксу карьерінің батыс қапталында тау-кен және бұрғылау-жару жұмыстары жүргізілмейтінін, алдағы кезде тау-кен, қазба жұмыстарының бәрі толығымен Сарысу ауданының аумағында жүргізілетінін (2024 жылғы 6 ақпанда орын алған жару жұмысы да сарысу ауданының аумағында жүргізілгенін) хабарлаған жауап хат келді. «Қуанышты бөліссең, көбейеді» деген. Біз бүгін осы қуанышты хабарды өздеріңізбен бөліскенді жөн көрдік. Қуанышты күндеріміз көп болсын, ағайын!

**«Созақ үні»-ақпарат.**



# Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

## Қаржылық тұрғыдан сауатты IPO: енді бастайтын инвестор нені білуі керек

Жаңалықтарда IPO – компанияның биржаға шығу тақырыбы көп талқыланады, қызығушылық туғызып жатады. Мысалы, қазақстандықтар Лондон қор биржасында (LSE), АХҚО қор биржасында («АIX») және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та (KASE) бағалы қағаздарының листингін жүзеге асыратын Air Astana әуекомпаниясының жаңалығын белсенді талқылауда. Бұл азаматтарда компанияны бірлесіп иеленуге және оның акцияларын сатып алуға деген мүмкіндік пайда болатынын білдіреді.

Fingramota.kz компанияның акцияларын биржада не үшін орналастыратынын және енді бастаған инвестор нені ескеру керектігін айтып береді.

### IPO деген не?

IPO (Initial Public Offering) – биржада бағалы қағаздарды орналастыру жолымен акционерлік қоғам акцияларын шектеусіз инвесторлар тобына бастапқы жария ұсыну. IPO нәтижесінде компания акциясы биржадан тыс айналыста болатын жеке компанияға қарағанда жария компания болады, есептілігі ашық, ал шығарған қағаздары инвесторлардың кең тобына қолжетімді болады.

Биржада акцияларды бастапқы орналастыру бизнесті дамыту немесе инфрақұрылымды құру үшін ақша тарту мақсатында жүргізіледі. Қор нарығына шығу – шығынды әрі беделді әрекет, сондықтан да компанияның бәрі инвестициялық қаражатты тартудың бұл тәсілін пайдалана алмайды. Алайда, орта мерзімді перспективада IPO компанияға оны өткізуге жұмсалатын қаржылық шығындары өтелетін бірқатар артықшылықтар береді.

Мысалы, Air Astana әуекомпаниясының IPO-сы BAE Systems (Kazakhstan) Limited (BAE) және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі акцияларды және жаһандық депозитарлық қолхатты (ЖДҚ) сатудан, сондай-ақ компанияның жаңадан шығарылған акцияларды орналастыруынан тұрады.

IPO-ның инвесторлар үшін негізгі пайдасы – акцияларды мүмкіндігінше арзан бағамен сатып алып, кейіннен жоғары бағамен сату. Кейде бастапқы орналастыру аяқталғаннан кейін белгіленген бағалар бірнеше аптаның немесе тіпті бірнеше күннің ішінде көтеріліп кетеді.

IPO шеңберінде компания өзінің бағалы қағаздарының бір бөлігін ұсына алады, сондай-ақ оларды шектеусіз сата алады. Акциялары көбірек сатып алынған сайын кәсіпорын инвесторлардан көбірек қаражат тарта алады. Бұл ақша бизнестің дамуын тездетуге және оны сапалы түрде кеңейтуге мүмкіндік береді.

IPO инвестор үшін әрдайым жоғары тәуекелмен байланысты болғандықтан, акциялар сатып алудан бұрын компанияның қаржылық көрсеткіштерін мұқият зерттеп алу керек.

### Компания үшін IPO-ның артықшылықтары

-Тартылған қаражат компанияның меншікті капиталын құрайды, бұл борыш жүктемесінің ұлғаюына әкеп соқтырмайды.

-Қаржы нарығы компанияға инвесторлардың кең ауқымына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

-Жария компания нарықтық қыңға ие болады, ол әдетте жеке компаниялардың қыңнан жоғары болады.

-Халық арасында компанияға деген сенімді арттыру, брендтің танымалдығы және ашық маркетингтік стратегия.

-Осы уақыттағы акционерлердің акциялар топтамаларын ашық сату мүмкіндігі.

Енді бастаған инвесторға арналған кеңестер

Инвестор болу үшін ең алдымен нарыққа кәсіби қатысушы – брокерде шот ашу қажет. Брокерде міндетті түрде бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия болуы керек және ол тікелей биржаға қатысушы болуы қажет. Брокерлік қызметтер көрсететін компаниялардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен қатаң регламенттеледі. Лицензиясы бар брокерлердің тізімі KASE Қазақстан қор биржасының сайтында орналастырылған.

Әрбір брокерде аты-жөні мен мүшеліктің санаты көрсетілген трейдерлер тізімінің бар екенін ескеріңіз. Бұл ондайда жалған брокер тиісті лицензиясыз өзін трейдер ретінде таныстыруы мүмкін алаяқтардың заңсыз әрекеттерін болдырмау үшін маңызды.

Көбінесе инвестор болуды өмір бойы үйренуге тура келеді, себебі нарық туралы үнемі көбірек білу және жаңа инвестициялық стратегияларды табу керек. Егер сіз инвестиция салуды бастағыңыз келсе, Fingramota.kz мынадай қадамдар қабылдауға кеңес береді:

### Тәуекелдерді танып біліңіз

Егер сіз қалай инвестор болу керектігін білгіңіз келсе, алдымен тәуекелдерді дұрыс бағалау аса маңызды болатынын мойындауыңыз қажет. Биржадағы көптеген енді бастаған инвесторлар пысықталған шешімдер мен нарықтық үдерістерді бақылау есебінен өз қаражатын көбейтемін деген ойына масаттанады. Бұл инвестициялаудың бір бөлігі бола тұра, өз дағдыларының деңгейін тани білумен қатар инвестициялаудың шығынға ұшырау тәуекелдерімен сабақтас келетіндігін білген де маңызды.

### Аздан бастаңыз

Көп жағдайда инвестицияны аз ақша сомасынан бастаған абзал. Ерте баста орын алатын қателіктердің алдын алу үшін аздан бастаңыз. Тәжірибеңіз артып, өз салаңызды жақсы түсінген сайын көбірек ақша инвестициялай аласыз. Жалпы алғанда, инвестицияларға байлықтың қосымша көзі ретінде қарауға болады. Дегенмен, кейбір адамдар инвестицияларды табыстың негізгі көзі ретінде қолданады, бұл үшін, әдетте қомақты капитал мен жоғары деңгейдегі білім қажет.

### Дивиденд деген не?

Дивиденд — бұл акционерлер арасында олардың бағалы қағаздарының үлесіне тепе-тең бөлінетін компания табысы. Басқаша айтқанда, дивиденд – бұл компания өз акционерлерінің арасында бөлетін табыстың үлесі. Егер сізде дивиденд төлейтін компанияның акциялары болса, онда бұл акциялар портфеліңізде болған кезде олардың үлесіне автоматты түрде құқылы боласыз.

Кейбір компаниялар жылына 1-ден 4 ретке дейін дивиденд төлейді – төлемдердің кезеңділігі мен мөлшері нақты компанияның дивиденд саясатында көрсетіледі. Компания жаңа өнімдерге немесе қызметтерге қаражат салу арқылы бүкіл табысты өзіне қайта инвестициялауы мүмкін. Жас компаниялар әдетте дәл осылай жасайды, ал орныққан корпорациялар дәл осы жоғары тұрақты дивиденд-термен инвесторларды тартады.

Белгілі бір компанияның акциясын сатып алғаннан кейін сіз автоматты түрде оның акционері болып шыға келесіз, демек сіз де дивидендтерге үміттен аласыз. Бастысы, есепті кезең үшін (тоқсан, жартыжылдық немесе жыл) дивидендтер төленетін инвесторлар тізімін бекітетін күн – тізілімнің тоқтатылу күніне дейін үлгеру қажет.

**Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің тапсырысымен.**

Әр адамның өмірінде қаржылық жоспарлау маңызды рөл атқарады. Ол бізге қаржылық мақсаттарымызды айқындауға, кірістеріміз бен шығыстарымызды жоспарлауға, сондай-ақ қаржылық мақсаттарға қол жеткізу үшін белгілі бір стратегияны әзірлеуге ықпал етеді.

Бұл мақалада біз Fingramota.kz-пен бірлесіп, нәліктен жеке басыңа инвестициялаудың маңызды екендігін қарастырамыз, күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру, қажетті заттарды сатып алуға қаржы жинау және болашақта қаржыдан тапшылық көрмес үшін жеке бюджеті қаржылық жоспар-

ды. Егер бұл операциялар қаржылық жағдайды түзетпесе және мақсаттарға қол жеткізу мүмкін болмаса, мынадай әрекетке көшу керек. Шығыстарды азайту және кірісті арттыру жолдарын анықтап, содан кейін қаржылық жоспарды қайта есептеңіз. Мысалы, қосымша табыс табу көзін қарастырыңыз.

### Төртінші кезең: шығыстарды жоспарлау

Егер сіз шығыстарды бірнеше топқа бөлсеңіз, қаражаттың не үшін кететінін, неден бас тартуға болатындығын түсіну оңайырақ болады, мәселен:

Тұрақты шығыстар: ай сайын ақша

## Қаржылық жоспарлау: жеке дамуға инвестиция жасау

лаудың 5 кезеңін талдап көреміз.

### Бірінші кезең: қажеттіліктерге байланысты өзіңнің қаржылық мақсаттарыңды айқындау

Қаржылық мақсат-бұл қол жеткізу үшін ақшаны қажет ететін мақсат. Мақсаттар әртүрлі болуы мүмкін: белгілі бір зат сатып алудан бастап зейнеткерлікке шығуға дейін. Егер мақсатсыз және ештеңе жоспарламай өмір сүретін болсаңыз, өміріңізде де жай ғана өте береді.

Қысқа мерзімді жоспарлау (бір жыл бойында): әдетте, мақсаттарды жыл-ды қасында қою қажет. Сіз өзіңіз үшін бір жыл ішінде не істеу қажет екендігін жазып қоясыз, яғни бүкіл отбасы үшін демалысқа жолдама сатып алудан бастап тұрмыс техникасын сатып алуға дейін. Нәтижесінде сізде жұмсауға жоспарланған ақшаның тізімі шығады, онда сомалары мен оларды іске асыру мерзімін міндетті түрде көрсету қажет.

Орта мерзімді жоспарлау (1 жылдан 3-5 жылға дейін): бұл тармақта сіз жаңа көлік сатып алуды, тұрғын үйді кеңейтуді, инвестиция, қаржылық қауіпсіздік жастығы немесе баланы оқытуға арналған ақша болсын нақты мақсаттар үшін белгілі бір капиталды жинауды жоспарлай аласыз.

Ұзақ мерзімді жоспарлау (5 жылдан 10-15 жылға дейін және одан жоғары): бұған неғұрлым ауқымды мақсаттар жатады, ол мақсаттарға қол жеткізу үшін бір жыл емес, бірнеше онжылдық қажет. Мұндайда, бірден ойға зейнетақы жинақтары келеді. Жақсы зейнетақыға өз бетінше жинауға болады, бірақ бұл бір күннің ісі емес.

Инфляцияның өзгеруін және осы уақыт ішінде жинақталған капиталдан түсетін кірісті ескере отырып, қажетті соманы анықтаймыз. Әрі қарай зейнеткерлік демалысқа жоспарланған сомаға қол жеткізу үшін қанша көлемде ақша жинау керек екенін есептейміз.

### Екінші кезең: ағымдағы қаржылық жағдайды талдау

Ағымдағы ақпарат негізінде жеке қаржылық жоспар жасау. Бұл кезең адамның ағымдағы қаржылық жай-күйін диагностикалаудың өзіндік нысаны болып табылады. Оның барысында ағымдағы кірістер мен шығыстар, олардың өзгеру қарқыны, сондай-ақ қаржылық мақсаттар туралы ақпарат жиналады. Одан әрі жылдар бойынша болашақ шығыстарды, кірістерді, олардың арасындағы айырмашылықты, сондай-ақ қаржылық мақсаттарға бағаның өзгеруін және оларға қол жеткізуге арналған шығыстарды болжаймыз.

Бастапқы ақпарат негізіндегі қаржылық жоспар – яғни сіз өзіңіз қалаған көлемде және мерзімде ағымдағы өмір салтын сақтай отырып, қалаған қаржылық мақсаттарға қол жеткізе аласыз ба, жоқ па екені осы кезеңнің нәтижесі болып табылады.

### Үшінші кезең: қолда бар деректер негізінде жеке қаржылық жоспар жасау

Қаржылық мақсаттарға қол жеткізе алуға немесе алмауға қарамастан, ағымдағы қаржылық жағдайды көп жағдайда жақсартуға болады.

Активтер мен пассивтерді талдап, активтердің кірістілігін арттыру және пассивтерді азайту жолдарын анықтау қажет. Осыдан кейін жеке қаржылық жоспарды қайта есептеу қажет бола-

азық-түлік сатып алуға, коммуналдық қызметтерді, көлік қызметтерін төлеуге, тұрғын үйді жалға алуға немесе кредиттік міндеттемелерді төлеуге жұмсалды. Бұл шығыстарды алдын ала жоспарлау керек және ақшаны сол мақсаттарға алдын ала бөліп қою қажет.

Мерзімді шығыстар: мысалы, киім, тұрмыстық техника немесе демалысқа жолдама сатып алу. Бұл шығыстар ай сайын бола бермейді, сондықтан шығыстардың осы бабы үшін ақшаны жеке депозитке немесе шотқа жинаған жөн.

Жоспардан тыс шығыстар: бұған жоспарлау мүмкін емес шығыстар жатады. Мәселен, бұған жұмысқа қажетті көліктің бұзылуы немесе пәтердегі құбырдың жарылуына байланысты шұғыл жөндеуді қажет ететін шығыстар жатады. Шығыстардың бұл түрін болдырмау үшін сақтаңдыру полисін ресімдеуге кеңес береміз, бұл күтпеген жағдайларда қаржылық шығыстарды өтеуге мүмкіндік береді, болмаса форс-мажор орын алған кезде тұрақты және мерзімді шығыстарды азайтып, қарыз алуға тура келеді, әрине мұндай әрекетке жол бермегеніміз жөн.

### Бесінші кезең: жеке қаржылық жоспардың орындалуын мониторингтеу

Жоғарыда сипатталған әрекеттер нәтижесінде қаржылық мақсаттарға қол жететіндей болған кезде, адамның келесі әрекеті - қалыптасқан жоспарды орындауды мониторингтеу болуға тиіс. Бұл үшін жоспарды нақты деректермен кезең-кезеңімен, мысалы, шығыстардың, кірістердің және т.б нақты өсуімен салыстырып отыру, ауытқуларды анықтау, олардың себептерін талдау және жаңа деректерді негізге ала отырып, қаржылық жоспарды қайта есептеу қажет. Осы кезеңнің қорытындысы жаңартылған қаржылық жоспар болады, ол сіздің қаржылық мақсаттарыңызды қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Әрбір адамның жеке тұрғы ретінде дамуы, бірінші кезекте, қаржылық тұрақтылыққа байланысты, ол адамның мықты тұстарын ашуға, белгілі бір өмірлік қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Өзін-өзі дамыту және қаржылық жоспарлау тікелей өзара байланысты, себебі адамның белгілі бір қажеттіліктері қаржыға тікелей байланысты. Жеке тұрғы ретінде дамуды қаламайтын адам қаржылық тұрақтылыққа және тәуелсіздікке қол жеткізе алмайды. Олардың өзара байланысты екендігін өзіңізді жеке тұрғы ретінде дамытуды бастаған кезде байқауға болады. Қаржылай табысты адамдар алдымен қаржылық сауаттылығын дамыудан бастаған.

Қаржыны қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаға жоспарлаңыз. Қысқа мерзімде қолжеткізуге болатын мақсаттар бар, алайда басқалары, мысалы ұзақ мерзімді мақсат зейнетақы жоспары сияқты болып табылады. Мұны міндетті түрде есте ұстаңыз. Бюджетті өте шектеулі етпеңіз, себебі ұзақ мерзімді перспективада қатаң режимді ұстану өте қиын болады. Шынайы және төзімді бола білген дұрыс.

**Fingramota.kz-пен қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!**



## ХАБАРЛАНДЫРУ!

## Құрметті аудан тұрғындары!

Облыс әкімі Д.Сатыбалдының қолдауымен Түркістан облысы аумағында «Үлгілі ауыл» байқауы өткізіледі!

## Байқаудың мақсаттары:

-ауыл экономикасының өркендеуі, елді мекендерде адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы ортаны қалыптастыру;

-тұрғындардың бірлігі мен ынтымағы, жастардың білімі мен тәртібі, ауыл тазалығы мен мәдениеті, бұқаралық спорттың дамуы, тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалануы мен ақсақалдардың белсенділігін арттыру;

-кәсіпкерлердің туған жерге жанашырлықпен қарауға, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсетуге, ел экономикасын дамытуға үлес қосуға шақыру;

-өскелең ұрпаққа өнеге тәрбие жолын көрсету, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдеттерге бой алдырмауға үйрету;

-қоғамда қылмыстың, зорлық-зомбылықтың, нашақорлықтың алдын алу.

## Байқау кезеңдері:

-I кезең (1.03-1.07 аралығы) – аудандық. Бірінші кезеңнің нәтижесі бойынша жеңімпаз II (облыстық) кезеңге жолдама алады.

-II кезең (1.08-1.11) – облыстық. Облыстық кезең нәтижелері облыстық комиссиямен анықталады.

Байқау жыл сайын, ауылдар мен кенттер арасында өткізіледі.

Байқауға қатысуға ұсынғандар Байқау басталатын күннен 5 жұмыс күн бұрынғы мерзімнен кешіктірмей, дәлелді құжаттар және ауыл туралы бейнероликтерді қоса отырып қабылданады.

Байқаудың облыстық кезеңінің қорытындысымен 4 жүлделі орын белгіленеді:

- Бас жүлде
- I-орын
- II-орын
- III-орын

Бас жүлде иегері болып табылатын ауыл үшін байқау өткізілген жылдан кейінгі жылы жергілікті бюджеттен 1 (бір) әлеуметтік нысан салуға арналған қаражат бөлінеді. Марапаттау рәсімі жыл соңында өткізіледі.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

“Қазатомөнеркәсіп-SAURAN” ЖШС, 29/03/2024 12:00 “Қазатомпром-SaUran” ЖШС кен орындарының тауарлық десорбаттарынан уранды тікелей пероксидті тұндыруды жүзеге асыру үшін аффинаж цехын қайта жаңарту” тақырыбында қоғамдық тыңдау өтеді

Тыңдау Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті Әкімдігінің ғимаратында өтеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті (68°45'24,28711, 43°51'15,48111; 68°46'13,91211, 43°52'15,82211; 68°51'15,82101, 44°21'58,149911).

Бастамашы - “Қазатомөнеркәсіп-SAURAN” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

БСН: 150540001510, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, 1 Ықшам аудан, д 133 кв 108

Жауапты орындаушы Мырзаханов Асылхан.

Байланыс телефоны 8778 294 84 44  
Әзірлеуші кәсіпорын: ТОО «Институт высоких технологий», Алматы, Богенбай батыр көше, 168 үй.

Жауапты орындаушы Бабец Александр Григорьевич 8701 758 23 71 a.babets@iht.kazatomprom.kz

Жобалық материалдар порталда орналастырылған: <https://ecportal.kz>

Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы;

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Бейнеконференцияға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: қажет емес, тегін кіру

Кіру коды: қажет емес, тегін кіру

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: “Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” мемлекеттік мекемесі

**Құрметпен,  
«Қазатомөнеркәсіп-Сауран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі».**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «КАЗАТОМПРОМ-SAURAN», 29/03/2024 12:00 проводит общественные слушания по теме: «Реконструкция аффинажного цеха для осуществления прямого пероксидного осаждения урана из товарных десорбатов месторождений ТОО «Казатомпром-SaUran».

Слушания пройдут по адресу Туркестанская область, Сузакский район, поселок Таукент, Здание Акимата.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская область, Сузакский район, поселок Таукент (68°45'24, 28711, 43°51'15,48111; 68°46'13,91211, 43°52'15,82211; 68°51'15,82101, 44°21'58,149911).

Инициатор – ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «КАЗАТОМПРОМ-SAURAN»,

БИН: 150540001510, Туркестанская область, Сузакский район, поселок Таукент, Микрорайон 1, д.133, кв 108

Ответственный исполнитель Мырзаханов Асылхан.

Контактный телефон 8778 294 84 44

Предприятие разработчик: ТОО «Институт высоких технологий», Алматы, ул. Богенбай батыра, д. 168

Ответственный исполнитель Бабец Александр Григорьевич 8701 758 23 71 a.babets@iht.kazatomprom.kz

Проектные материалы размещены на портале: <https://ecportal.kz>

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области;

<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Ссылка на видеоконференцию:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: не требуется, свободный вход

Код доступа: не требуется, свободный вход

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются по адресу: Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области»

**С уважением,  
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «Казатомпром-SaUran».**

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің қызметкерлері бұзған жағдайда 87029132077 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік мекемесі.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

## Құрметті аудан тұрғындары!

Биыл 23 наурызда сағат 20:30-дан 21:30-ға дейін «Жер сағаты» халықаралық экологиялық акциясы өтеді.

«Жер сағаты» - Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының (WWF) қамқорлығымен жыл сайынғы халықаралық өткізілетін шара. Акцияның мақсаты – планетаның табиғаты мен ресурстарына жауапкершілікпен қарау қажеттілігіне назар аудару.

«Жер сағаты» акциясы барысында WWF ғаламшардың болашағына бей-жай қарамау белгісі ретінде жарықты және тұрмыстық электр құралдарын бір сағатқа сөндіруге шақырады.

Дүниежүзілік жабайы табиғат қорының (WWF) бастамасын қолдауды және осы акцияға қатысуды сұранамыз.

**Созақ ауданы әкімдігі.**

## Асқар тауым әркез сізді сағынамыз



Бабата ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, ауыл-аймаққа сыйлы да қадірлі болған ақылшы жан **Егізтай Есбайұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесін сағыныспен еске аламыз.

**Жан әке өзіңді іздеп қамығамыз, Тағдырдың жазғанына бағынамыз.**

**Алланың әміріне амал бар ма? Асқар тауым әркез сізді сағынамыз,**

- деп, асыл әкеміз Егізтай Есбайұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 10 наурыз күні (9 наурыз – қонақ асы сағат 18:00-де) Бабата ауылындағы өз шаңырағында сағат 12:00-де беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Есбаевтар әулеті.**

## Хабарландыру

Таукент кенті бойынша жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындары өткізіледі

**«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» ММ.**

## Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының Таукент кентінде өтетін орын, күні және уақыты

қ/с	Бөлек жиын өткізуге уәкілеттік берген	Бөлек жиын өтетін көшелер	Өтетін уақыты	Жиынның өтетін орны
1	Е.Дәулетбаев	1-ықшамаудан	14.03.2024ж Сағ:15-00	1 үйдің жанында
2	Е.Дәулетбаев	1-ықшамаудан	14.03.2024ж Сағ: 16-00	Орталық саябақтың жанында
3	Е.Дәулетбаев	2-ықшамаудан	14.03.2024ж Сағ:17-00	Аянат дүкенінің жанында
4	Е.Дәулетбаев	I.Кеңесбаев көшесі	15.03.2024ж Сағ: 10-30	Жұманалиев Еркіннің үйінің тұсы
5	Е.Дәулетбаев	Жыныс ата көшесі	15.03.2024ж Сағ:11-30	Кенжебеков Дүйсенханнның үйінің тұсы
6	Е.Дәулетбаев	Қ.Тоқмұхамедов көшесі	15.03.2024ж Сағ:15-30	Сайдалиев Момбектің үйінің тұсы
7	Е.Дәулетбаев	С.Тойшыұлы көшесі	15.03.2024ж Сағ:16-30	Бостанов Базарбайдың үйінің тұсы
8	Е.Дәулетбаев	Ш.Бекжанов көшесі	14.03.2024ж Сағ:11-00	«Әділет» дүкенінің жанында
9	Е.Дәулетбаев	Көкбұлақ, Геологтар, Қ.Сәтбаев, Е.Ерімбетов көшелері	14.03.2024ж Сағ: 12-00	«Дина» жекеменшік балабақшасының тұсы
10	Е.Дәулетбаев	Тәуелсіздік, Бейбітшілік, Көкжиек, Мыңжылқы көшелері	14.03.2024ж Сағ: 15-00	Умашов Даниярдың үйінің тұсы



Ауыл спорты-салауатты өмір сүрудің қайнар көзі. Небір мықты спортшы болатын балалар ауылда жүр. Былайша айтқанда ауыл алтын бесік. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Бұқаралық спортты дамыту үшін әр қала, әр ауылда дербес спорт алаңдары, кешендері болуы тиіс және олар мамандармен қамтамасыз етілуі қажет» деп зор бастамалардың көзін ашып отыр. Президентіміз айтқандай ауыл спортының жандануы сол ауыл-

деп есептеймін. Кезінде жезтаңдай әншілер мен алтын саусақты күйшілерді, саңлақ сазгерлерді өмірге әкелген киелі Шу өңірінен ертеңгі күні ел намысын қорғар спорт оғландары шығып жатса таңқалмаңыз. Өйткені Шу өңірі кие мен тектілік мекені. Осы орайда өткен жылдары Шу ауылының 60 жылдық мерейтойы кезінде біздің балғын спортшыларымыз күрес кілемшесіне шығып қазақ күресінің әліппесін ашты.

қағиданы палуан шәкірттеріме ұдайы айтып отырамын. Еткен еңбектің де жемісіне қол жетіп жатыр. Атап айтқанда, ЖК «Қазақ батыры» спорт клубының 5 жылдығына орай сайыста Нұрасыл Дастан атты шәкіртім 29 келі салмақта бірінші орынды иеленді. Сонымен қатар, облыс чемпиондары Нұрасыл Дастан, Мырзатай Нұрпейіс. Болат Мират, күміс жүлдегерлер Байдаулет Кеңесбек, Болат Саят, қола жүлдегер Мейірхан Нұрзиялы,

# Қазақ спорты ауылдан бастау алады



дың бас көтерер азаматтарына артылған жүк. Бұқаралық спорттың негізгі мақсаты-дене шынықтыру және спорт саласына үн қосу. Ол азаматтардың жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан қоғамның берік әлеуметтік бірігуіне, болашағы бір ұлтты қалыптастыруға ықпал ететін перспективалы алаңдардың бірі ретінде қызмет атқарады. Қазіргі заманда спорт пен саламатты өмір салты экономикалық дамумен бірге, азаматтардың өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштері қатарынан орын алады және халықтың әлеуметтік жұмыспен қамтылуының маңызды аспектісі ретінде қарастырылады әрі солай болып табылады. Түптеп келгенде, спорт жалпыұлттық бірліктің, ынтымақтың нышанына айналып, жаңа қазақстандық патриотизмнің, мақтаншыл сезімнің және өз елімен ынтымақтасуының негіздерін қалыптастырудың маңызды аспектілерінің бірі болып отыр.

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану-халықты сауықтыру, олардың өзін-өзі танытуы мен дамуының неғұрлым қолжетімді және тиімді тетігі, бейәлеуметтік қыбылыстарға қарсы күрес құралы болып табылады.

Бір сөзбен айтқанда, Үкіметтің қамқорлығына нақты іспен жауап беру біздің жұмысымыздың өзегіне айналуы тиіс

Оған басты бастама көтеріп, себепші болған Жаппас Қаламбаев атындағы орта мектебін 1989 жылы бітірген, 1972 жылы дүниеге келген ағаларымыз еді. Өздері жан жақта жүрсө де хабарласып, бір арнаға тоғысып, ауылда мектеп басшысы болып қызмет атқаратын Мүсіреп Ғабит ағамыздың ұйытқы болуымен Досымбеков Данияр, Өтегенов Сәкен, Жәкелов Жанғали, Тұрсынбаев Қасым, Жанбаев Қанат, Жанбаев Бақтияр, Ахметов Саттар, Жанбаев Рахат, Қарсенов Ғалымжан, Ыскаков Бағдаулет атты азамат ағаларымыз күрес кілемшесіне, жас палуандарымыздың киім-кешек сияқты спорттық қажеттіліктеріне демеушілік жасады. Мен де сол ағаларымның өрен еңбектерін қадірлей отырып, әрі «Болашақ жас ұрпақтың қолында!» деген қағиданы берік ұстана отырып, ауыл балаларын жинап ұлттық спортымыздың төресі-қазақ күресіне тегін баулып жүрмін. Бұл менің азаматтық парызым деп білемін. Соның айғағындай жас палуандарымыз аудандық, мектеп-паралық жарыстарда жүлделерге ие болып келеді. Алдағы уақытта сол шәкірттеріміздің ішінен аудан, облыс, республика чемпиондары шығатынына сенімім мол. Ол үшін аянбай тер төгіп, еңбекті серік, сабырды мен төзімділікті дос етуіміз керек. Бұл

аудан чемпиондары Рысбек Талғат, Салман Мирас, Шот Нұрсәт, Бақыт Қанағат, Жарылқасын Кемел, Беркімбаев Ернар, Жомарт Жанасыл, Асан Жансерік, Еркінше Мирас, Беркімбаев Дарын, Мұхаммедәлі Мұқағали, Еркінше Мұнар атанды. Ал Әбдірахман Мейіржан, Әйтиміш Әлинұр, Нұртай Бейбарыс, Бесбаев Әліби, Басбай Әлинұр, Балтабай Раян, Кеңесбек Орынбасар, Нәрік Рамазан, Кеңесбек Нұртілеу, Болат Аят, Кеңесбек Нұрхан, Кеңесбек Шархан, Серікқали Әди палуандарымыз ауыл чемпиондары атанды. Сондай-ақ ауыл балаларын бізге аса таңсық емес, өзгеше сала-акробатика өнеріне баулып жүрген жаттықтырушы Нұртай Бекжанның да қыруар еңбегін айтып өткенім жөн. Осы бағытта қарқынды жұмыс жасай берсек біз үшін чемпиондықтың ауылы алыс емес сияқты. Ертеңгі олимпиада чемпиондары ауылда жүргенін ұмытпайық ағайын! Осы орайда жас спортшыларға ағалық қамқорлықтарын танытқан ағаларымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

**Рауан ДАСТАНОВ,**  
**Жаппас Қаламбаев атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі, жаттықтырушы.**  
**Шу ауылы.**

# Әлем төріндегі Төреқұлов бейнесі

Республика баспаларынан жарық көрген кітаптар мен журнал беттерінен Нәзір Төреқұлов туралы тың деректерді аз кездестірмейсіз. Оның қоғам қайраткері ретіндегі өнегелі өмірі, ағартушы-журналист, публицист қызметтері туралы соңғы уақытта көп жазылып келеді. Алайда, мектеп оқулықтарында, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарында оның аты, қызметтері жөнінде ешнәрсе айтылмайтыны өкінішті-ақ.

Нәзір Төреқұловтың келешекте тарихта өз орнын алатыны сөзсіз. Бірақ, әлі толық анықталмаған, халқымызға аян бол-



маған көптеген еңбектері бар.

Осы мақсатта Нәзір Төреқұловтың мұрасын кейінгі ұрпаққа таныстырып, насихаттау мақсатында Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп – лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тарих пән әдіс бірлестігінің ұйымдастыруымен аталған тұлғаның есіміндегі музейде «Әлем төріндегі Төреқұлов бейнесі» тақырыбындағы тарихи-танымдық конференция болып өтті. Конференцияда біртұар азаматтың ұлт үшін еткен еңбегі мен шығармалары жайында баяндамалар тыңдалып, мектеп оқушылары дайындаған өлең жырлар мен арнаулар айтылды. Сонымен қатар АВАІ TV арнасының «Жәдігер» бағдарламасының Нәзір Төреқұловқа арналған деректі фильмі көрсетіліп, оқушылар қарақтан шыққан тңғыш дипломат жайында көптеген ақпаратпен сусындады. Конференция соңында өзара пікір – алмасу жүргіліп, Нәзірдің тарихи бейнесін аша отырып, алдағы уақытта музей жұмысы мен шығармаларын өскелең ұрпаққа таныту мақсатында атқарылатын жұмыстар пысықталып, тиісті іс-шаралардың жобасы түзілді. Алдағы уақытта бұл мақсаттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

**С.ОРДАБАЕВ,**  
**Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің тарих пәнінің мұғалімі.**

# «Оқуға құштар мектеп» жобасы

«Кітапхана» кітап оқу сайтына облыстық білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өтіп жатқан «Оқуға құштар мектеп» ұлттық жобасы аясындағы жалпы педагогтерге арналған «Кітапхана» кітап оқу сайты «ZOOM» платформасында «Фейсбук» әлеуметтік желісі арқылы көрсетілуі қолға алынған болатын. Аталған сайстың әр апталық кезеңіне аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелерінің толықтай ұжымдары қатысып келеді.

Осы жобаға орай Л.Бөкенов мектебі ұжымының ұйымдастыруымен өткен шараға қатысқан аталған білім ордасының бірқатар оқушылары арнайы алғы хаттармен марапатталып, мектеп абыройын асқақтатты. Алдағы уақытта да аталған шара бойынша атқарылатын жұмыстар жалғасын таба бермек.

**Г.ОСПАНОВА,**  
**Л.Бөкенов атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі.**



Сенімгерлік басқарушы:  
**"Agro-sozak" ЖШС**  
Меншік иесі:  
**"Созақ үні" газеті редакциясы**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директор:  
**Абилпаттаев Ержан Бакытжанович**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:  
Аға тілшілер:  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
**Данияр БЕКОВ**  
Тілшілер:  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер:  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Теріміші:  
**Багила АЯЗБАЕВА**  
Фототілші:  
**Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450  
Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3300 дана  
Кезекші редактор: М.Қарғабай.